

## Жол саласының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қазан N 1527. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен. 3-тармақтың 2) тармақшасының және 4-1-тармақтың қолданылуы 2004 жылғы 24 қарашадан бастап қалпына келтірілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1414 қаулысымен.(P041414).

### Қолданушылар назарына!

Бұл қаулының күші ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен жойылған. ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1414 қаулысымен 3-тармақтың 2) тармақшасының және 4-1-тармақтың қолданылуы 2004 жылғы 24 қарашадан бастап қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Инжинииринг" автомобиль жолдары ақпарат орталығы" мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Инжинииринг" автомобиль жолдары ақпарат орталығы" мемлекеттік мекемесін таратуды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 151 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 63-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитеті туралы ережеде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Комитеттің облыстарда аумақтық органдары болады";

12-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын соларға қатысты жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болуга;";

2) "Жол саласын реформалау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 227 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 7, 83-құжат):

1-тармақта "1-қосымшаға сәйкес көлік-коммуникациялар кешені жүйесінде, негізінде 674 адам санының лимитімен" деген сөздер "1-қосымшаға сәйкес Қазақстан

Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитетінің аумақтық органдары "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының филиалдары мүлкінің негізінде олардың қызмет етуі үшін қажетті 280 адам санының лимитімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

4-тармақта "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын ұсташа көгалдандыру және ағымдағы жөндеу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындау болып белгіленсін.";

көрсетілген қаулыға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**Ескерту. 3-тармақтың 2) тармақшасының қолданылуы 2004 жылғы 24 қарашадан бастап қалпына келтірілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1414 қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

"Қазақавтожол" РМК-ның алдындағы 2000 жылдың қантар-сәуіріндегі автомобиль жолдарын ұсташа басқару жөніндегі орындалған жұмыстар мен қызметтер үшін құралған берешекті республикалық бюджетте "Жол жүйесін республикалық деңгейде пайдалану" бағдарламасы бойынша көзделген қаржы есебінен өтеуді;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне екі айлық мерзімде республикалық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін өзірлеуді және енгізууді;

осы қаулыдан туындастын өзге де қажетті іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

**ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.12.05. N 1809 қаулысымен , 2003.03.07. N 226 қаулысымен.**

**4-1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.09.2022 № 670 қаулысымен.**

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2001 жылға арналған Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитетінің аумақтық мемлекеттік органдарын қаржыландыруды көздесін.

6. Осы қаулы, қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін 4-тармақты қоспағанда, 2001 жылғы 1 қантардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 14 қазандагы  
N 1527 қаулысына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі**  
**Автомобиль жолдары және автомобиль көлігі комитетінің мемлекеттік мекемелері -**  
**аумақтық мемлекеттік органдарының**  
**Тізбесі**

---

N Атауы Орналасқан жері

---

1 Ақмола автомобиль жолдарының Көкшетау қаласы  
облыстық басқармасы

---

2 Ақтөбе автомобиль жолдарының Ақтөбе қаласы  
облыстық басқармасы

---

3 Алматы автомобиль жолдарының Алматы қаласы  
облыстық басқармасы

---

4 Атырау автомобиль жолдарының Атырау қаласы  
облыстық басқармасы

---

5 Шығыс Қазақстан автомобиль Өскемен қаласы  
жолдарының облыстық  
басқармасы

---

6 Жамбыл автомобиль жолдарының Тараз қаласы  
облыстық басқармасы

---

7 Батыс Қазақстан автомобиль Орал қаласы  
жолдарының облыстық  
басқармасы

---

8 Караганды автомобиль жолдарының Караганды қаласы

облыстық басқармасы \_\_\_\_\_

9 Қызылорда автомобиль жолдарының Қызылорда қаласы  
облыстық басқармасы \_\_\_\_\_

10 Қостанай автомобиль жолдарының Қостанай қаласы  
облыстық басқармасы \_\_\_\_\_

11 Маңғыстау автомобиль жолдарының Ақтау қаласы  
облыстық басқармасы \_\_\_\_\_

12 Павлодар автомобиль жолдарының Павлодар қаласы  
облыстық басқармасы \_\_\_\_\_

13 Солтүстік Қазақстан автомобиль Петропавл қаласы  
жолдарының облыстық  
басқармасы

14 Оңтүстік Қазақстан автомобиль Шымкент қаласы  
жолдарының облыстық  
басқармасы

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК